

О.Х.Мұхатова

тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Қазақстан, Алматы қ.

## **ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР**

**Кілт сөздер:** тарихнама, тарихнамалық деректер, көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік, «Мәдени мұра», қытай жазбалары, араб-парсы деректері

Отандық тарих ғылымында Орталық Азия және Қазақстан аумағындағы көшпелілердің қоғамдық-экономикалық құрылысы бойынша көзқарас танытқан ғалымдардың тұжырымдарын тарихнамалық тұрғыда зерттеу мәселелері қазан төңкерісіне дейін, кеңестік кезеңде, тәуелсіздік жылдарында айтарлықтай зерттелгенімен тарихнамалық тұрғыда кешенді түрде талданбады. Номадизм және көшпелілердің қоғамдық құрылысының ерекшеліктерін тарихнамалық талдау, мәселені методологиялық ой-елегінен өткізу тарихи оқиғаларды түсінуді жаңа деңгейге көтереді, тарихи процестерді жай түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар ғылымның жай-күйін, оның қозғаушы күштерін, даму тенденцияларын айқындайды. Тарихнама ғылымының заманауи мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану арқылы көшпелілердің шаруашылық, қоғамдық қатынастарын жаңаша тарихнамалық, методологиялық тұрғыда зерттеу өзекті мәселелердің бірінен саналады. Сонымен қатар тарихнаманың ғылымтанушылық ролін пайдалана отырып, ғалымдардың аталмыш мәселедегі негізгі жетістіктерін талдаудың маңыздылығы дау тудырмайды.

Ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан тайпалардың қоғамдық өмірі мен тұрмыс тіршілігін жан-жақты қарастырған, тарихнамалық деректер қатарына жатқызылатын зерттеулердің орны ерекше. Сондай еңбектердің бірегейлері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген араб, парсы, түрік, монғол, қытай деректері. Бірнеше том түрінде жарияланған салиқалы жинақтарда түркі кезеңіндегі тайпалардың тарихы бойынша мол мәлімет алуға болады. Осы тұрғыдан келгенде олар деректерінің, мәліметтерінің шынайылығымен ерекшеленеді. Мәселен, Қазақстан тарихы бойынша қытай деректемелері. «Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар» тақырыбымен жинақталған 1-томында УІІ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі кезеңдерде жазылған 13 саяхатнама және тарихи-географиялық еңбектерде сақталған деректер енгізілген. Бұларда бес дәуірге қатысты деректер қамтылған. Бірінші – көне Түрік қағанаты дәуірі. Бұл дәуірге қатысты деректер мына үш еңбекте баяндалады: Сюань Цзанның (УІІ ғ.) «Да Тан Сиюй цзи» («Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар») атты саяхат естелігі; Ду Ханьның (УІІ ғ.) «Ду Хань «Си син цзи» («Батысқа саяхат естеліктері») атты естелігі; Цзя Даньның (УІІІ ғ.) «Цзя Дань

сы дао цзи» («Цзя Даньның төрт бағыттағы жол туралы естеліктері») атты тарихи-географиялық еңбегі[1.116].

Осылардың ішінде Сюань Цзанның (УП ғ.) «Да Тан Сиюй цзи» («Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар») атты еңбегі атап айтуға тұрарлық. Сюань Цзань Үндістанға барып, қайтар жолында Орталық Азия мен Оңтүстік Азияның 138-ден астам мемлекеті мен қалаларын, елді мекендерін басып өткен, соның ішінде 110 елге ат басын тіреген. Өз саяхатнамасы арқылы осы елдердің тарихы мен салт-дәстүріне, шаруашылығына байланысты шынайы жазбалар қалдырған[1.166]. Мәселен, «Суаб қаласы» деп аталатын шағын жазбасында «Тұнық көлден солтүстік-батысқа қарай 500 ли жүргенде Суаб өзені бойындағы қалаға жеттік. Бұл қаланың айналасы 5-6 ли келеді. Мұнда әр елдің саудагерлері мен хулар (соғдылар) аралас өмір сүреді. Жерінің табиғаты тары, бидай және жүзім өсіруге жарамды, мұнда орман-тоғай сирек кездеседі. Ауа райы суық, әрі боранды, тұрғындары киізден және шекпеннен тігілген киімдер киеді[1.24-256]. Бұдан көріп отырғанымыздай, УП ғасырда Батыс Түрік қағанатының, УІІІ ғасырда Түргеш қағанатының астанасы болған Суяб қаласындағылар мен қала маңындағылар отырықшы егіншілікпен айналысқан. Киімдерінің түрлеріне қарап олардың түйе, қой тәрізді мал өсіргендеріне көз жеткізуге болады. «Мыңбұлақ» жазбасында түрік қағанының осы жерді жайлау ретінде пайдаланытыны туралы жазылған, өйткені оның «оңтүстік жағы қарлы тау да, өзге үш тарапы жазық» [1.256]. Мал жаюға аса қолайлы, әрі сулы және нулы жер болғандықтан әдейі таңдап алынғаны байқалады. Саяхатнамадағы Талас, Ақсу, Күнгу қалалары туралы жазылған тұстарында автордың көбінесе тұрғындардың дініне баса назар аударғаны анық көрінеді. Географиялық жазба болғандықтан табиғат жағдайы мен ауа райы жайында жиі айтылады.

Ду Ханьның (УІІ ғ.) «Ду Хань «Си син цзи» («Батысқа саяхат естеліктері») атты естелігі ерте орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша құнды деректерімен дараланады. «Суаб мемлекеті» деген жазбасында қағандықтың табиғат жағдайларын сипаттайды. Суаб, яғни Шу өзенінің бойына орналасқан Талас (Тараз) туралы былай деп жазған: «... Ол қала Шаш еліндегі үлкен қалалардың бірі саналады. ... Бұл жерден күнбатыс жақтағы Батыс теңізіне дейін созылып жатқан аймақтарда наурыз айынан бастап қыркүйекке дейінгі мезгілде жауын-шашын тым аз болып, жаз бойына ауа құрғақ болғандықтан, егістік жерлер түгелімен қар суымен суарылады. Онда арпа, бидай, күріш, көк бұршақ, соя, бұршақ тәрізді дақылдардың түр түрі егіледі. Олар жүзім шарабы, күріш шарабы, айран, қымыз сияқты сусындар әзірлейді» [1. 436]. Ду Ханьның жазба жолдарынан сол кездегі Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалардың көшпелі мал шаруашылығын дамытқандары айқын көрініп тұр. Климат жағдайларының шаруашылықтың осы түрін жүргізуге қолайлы болғандығын байқатады. Көшпелі мал шаруашылығының жылына орта есеппен 250-300 миллилитерден аспайтын климат жағдайы бар аумақта қалыптасып, дамитындығы туралы пікір ғылымда әлдеқашан түйінделіп, дәлелденген. Жазба түркілердің әр алуан

дақылдарды өсіріп, егіншілікпен де есімдері ерекшеленгендігін тағы да нақтылай түседі. Әсіресе күріш өсіру турасындағы көзқарас бекітіле түседі, себебі ғылымда «күріш тек корейлер қазақ еліне көшіп келгеннен кейін өсіріле бастады» деген пікірлер белең алады. Ежелден қытайлармен көрші болған Жетісу жерінде күріш өсірілмеді дегеннің өзі қисынсыз.

Цзя Даньның (УШ ғ.) «Цзя Дань сы дао цзи» («Цзя Даньның төрт бағыттағы жол туралы естеліктері») атты еңбегінде келтірілген мәліметтер де алдыңғы екі дереке ұқсайдых[1.48-526б].

Араб және парсы жазба деректерінде түркілердің негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандығы жөнінде пікірлер басымдылық танытады. Дегенмен дерек авторлары отырықшы егіншіліктің болғандығын жоққа шығармайды. Мал жайылымдары өте көп болғандықтан олар алыс жерлерге жыл мезгілдерінің ауысымына байланысты қалыптасқан бағытары бойынша көшіп отырған. Қыстың айларында өзен бойларын жағалап, жаз күндері жайлауға кшетіндіктері туралы ортағасырлық араб және парсы жазбалары да дәйектейді. Бұл жазбаларда түркі кезеңінде өмір сүрген тайпалардың жылқы, қой, түйе, ешкі, сиыр өсіргендігі айтылған. Көшпелі шаруашылықта жылқы өсірудің ерекше маңызы болды. Жылқының жүрдектігі, төзімділігі арқасында ғана алыста жатқан жайылымдар игеріліп отырды. Жылқы соғысқа, аң аулауға пайдаланылды. Әл-Жахиздің сөзімен айтқанда, «түрік жерден гөрі ат үстінде көп отырады». Ибн Фадлан мен Гардизи Х ғасырда оғыздар мен кимектердің жер қайыстырған қалың жылқы өсіргенін жазды. Түрік жылқысы жергілікті табиғат жағдайына және жыл бойы аяғынан жайылуға жақсы бейімделген, етті де, сүтті де болды. Көшпелі түрік тайпалары сиыр еті мен қой етінен жылқы етін артық көрді, ал биенің сүтінен қымыз ашытты [2]. Жазба деректердің мәліметтерінше түркілер айыр өркешті ірі түйе өсірген. Осындай түйелерге мініп, саяхат жасаған Ибн Фадлан оларды түрік түйесі деп атаған[2. 334б]. Түркілердің сыр малын өсіргендері туралы да араб, парсы нарративті деректері хабарлайды. Алайда сиыр көбінесе жартылай көшпелі мал шаруашылығында өсірілген деген тарихи факті орын алған. Өгіздің көшпелілерде ауыр жүк тасымалына, арбалардағы жылжымалы киіз үйлерді алып жүруде пайдаланғандарын да осы деректерден көруге болады[3]. Түркілер ешкі де өсірген, алайда олар көшпелі шаруашылықта бағалы мал ретінде саналмаған. Мұның өзі түркілердің төрт түлік малды өсіріп, жыл мезгілдерінің ауысымына қарай бір жерден екінші жерге көшіп, малға шүйгін жайылым іздегендерін көрсетеді.

Түркілердің арасында жартылай отырықшы және отырықшы шаруашылықпен айналысқан әлеуметтік топтардың өмір сүргендері туралы жазба деректер дәйектейді. Түрік тайпаларын шаруашылық жағынан сипаттаған әл-Идриси: «Адамдары көшпелі... Алайда олар жер өңдейді, тұқым сеуіп, егін жинайды» деп жазған[2. 335б].

Ибн Батутта «Бұл елде жүретін арба туралы» деген жазбасында «... қыпшақтарда мал өте көп және де бұларда арнайы малшыда, күзетші де жоқ» деп жазған. Мал санының көбеюі де көшпелі мал шаруашылығын қалыптастыратын факторлардың бірі екендігі мәлім. Сондықтан да

түркілердің өмір сүруінің негізі көшпелі мал шаруашылығы болғандығы дәйекетеле түседі. «... Түріктер нан, қою тамақ жемейді. Олар тамақты дуки деп аталатын тарыға ұқсас өсімдікпен пісіреді. Отқа су қойып, қайнаған соң, осы дукидің біразын салып, егер де ет бар болса, оны майдалап турап, бірге қайнатады. Содан әр адамның ыдысына құяды да, үстінен қышқыл сүт құйып ішеді. Қыпшақтардың денсаулығы мықты, күшті халық[4.54б]. Мұндай тағам әзірлеудің жартылай көшпелі немесе отырықшы мал шаруашылығымен айналысқан, Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан түркілердің тұрмыс-тіршілігінен орын алғандығын байқау қиын емес. Өсімдіктен пісірілген тағамға сүт құйып жеудің өзі егіншілік пен мал шаруашылығын қоса дамытқан тайпаларға тән екендігін автор ашып айтпаса да көрініп тұр.

XV-XVI ғасырларда дүниеге келген парсы деректерінде осы кезеңдегі қазақтардың шаруашылығы жөнінде мәнді мәліметтер берілген. Мысалы, Фазаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бұхар» («Бұхар қонағының жазғандарынан») атты еңбегінде көшпелі мал шаруашылығы, мал саны туралы былайша жазылған: «Бір сөзбен айтқанда, Дешті Қыпшақтың гүлденген даласын сөзбен суреттеп, қағаз бетіне түсіру мүмкін емес. Бұл кең дала өзбектердің (қазақтардың, ред.) жаздық жайылымы болып табылады, тамыздың аптап ыстығы кезінде қазақ халқы даланың шет жағасын мекен етеді. Малдың көптігі және жайылым керектігі себебінен олар осы кең даланы мекендейді, ... Осы жұмақ дала ондағылардың күш-қуатының тыныштық көктемі деп саналады. Олардың қойы мен сиыр табындарының көптігі, үйір-үйір жылқыларының саны бір құдайдың өзіне ғана белгілі. Есепті бес саусағындай білетін қандай да есепші, бірде-бір сан тізімдеуші олардың малының санына жете алмайды» [4. 356 б]. Шындығында да қазақтардың ешқашан малдарының нақты саны туралы айтқандары жөнінде дерек кездеспейді. Жылқыны үйірімен, түйені қойды қотанымен, сиырды табынымен санаған халық олардың санын мөлшермен ғана біліп отырған. Тіпті жұттың салдарынан қырылған малды да ешқашан санаған емес. «Мал бір жұттық» деп өмірге, болашаққа сеніммен қараған. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген халық даналығы да осыдан туындаса керек.

Фазаллах ибн Рузбихан: «Күз келгенде бұл елде ауа-райы суық болып, көп қар жауады, қазақтар қыстау үшін даладан қысқы қыстауға көшеді. Қыстауға барар жолда кейде су болмайды, малды суару үшін олар, қажеттілігіне қарай, даласы қар жамылған кезде шығады» - деп жазған [4. 356-357бб]. Мұның өзі қазақтардың жыл мезгілдеріне орай көшіп-қонудың қыр-сырын терең меңгергендерін көрсетеді. Арнайы есепші аталған ауа-райын болжайтындардың біліміне сүйенген халық тек күзеуден қыстауға ғана емес көктеуден жайлауға көшуді алдын-ала жоспарлап, қолайлы кезде сәтті пайдаланған. «Олардың арбалары дөңгелекпен жүреді. Жол жүргенде олар қар үстінде жүруі қажет, әйтпегенде оларға шөл мен сусыздан жұтап қалу қаупі туады. ... олардың үйлері арба формасында жасалған, үлкен аспан тәрізді үйлер, үлкен арбаларға қойылған, ал түйелер мен жылқылар оларды бір тұрақтан екінші тұраққа керуен сияқты тартып жеткізеді. ... Әрбір

осындай үй арбада бір жанұя тұрады, себебі қазақтардың кедейінің өзінде мыңдаған жылқы, түйе, қой бар. ... олар өздері Етіл деп атайтын Еділ өзенінен бастап Қыпшақ даласының шетінен күн сайын осындай байлығымен екі немесе одан да көп ай бойы көшіп жүреді де, қар тисе, тиін терісінен тігілген және басқа тон, ішік, жібек киім киіп, түрлі сән-салтанатымен екі айдан кейін қыстауға келіп жетеді. Олардың қыстауы Сыр өзені деп аталатын Сейхун өзені жағалауы. Жоғарыда біз түсіндіргендей, Сейхун өзені бойында, олардың өз тілінде нар, түрікше қамыс деп аталатын бұта өскен, жері мал азығы және қора-қонысқа бай. Олардың қойларының саны ағаштың санына тең, бұл жердің шөбі аз ғана өндесең, нағыз өмірге айналады, өмірі лезде тіріліп шыға келеді»[4. 356-357бб] - деген жазба жолдары қыстау немесе күзеу, көктеу, жайлау үшін аумақтың арнайы таңдалып алынатындығын айғақтайды. Қыста қазақтар қар аз түсетін жерлерде, өзен-көлдердің бойын жағалай орналасқан. Жыл бойы жайылымда болатын малдың қамы көшпелілердің өмірлік ұстанымына айналған.

Кеңестік кезеңде, тәуелсіздік жылдары осындай жазба деректердің негізінде қазақтардың көшпелі мал шаруашылығын, соған орай тұрмыс-тіршілігін ғылыми тұрғыда зерттеген іргелі еңбектер дайындалды[5].

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазақстан тарихы бойынша қытай деректемелері. 5-томдық. 1-т. - Алматы: «Дайк-Пресс, 2005.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Төрт томдық. 1-т. – Алматы: «Атамұра», 1996. – 544 бет.
3. Қазақстан тарихы бойынша араб деректемелері. 4-томдық. - Алматы: «Дайк-Пресс, 2006., Қазақстан тарихы бойынша парсы деректемелері. 4-томдық. - Алматы: «Дайк-Пресс, 2006.
4. Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Ортағасырлық тарихи ой. 3-т. – Астана: «Фолиант», 2005. – 512 бет.
5. Толыбеков С. Кочевое общество казахов в ХУІІ-ХІХ вв. – А-Ата., 1965., Левшин А.И. Описание киргизских орд и степей. – Павлодар: «Қазақ этнографиясы», 2005., Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов. – М., 1997.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются историографические источники по истории древних и средневековых кочевников на территории Казахстана опубликованные в рамках государственной программы «Культурное наследие». Хозяйство древних тюрков показано на основе трудов китайских авторов Сюань Цзана, Ду Ханьна, Цзя Даньна. Наряду с названными охарактеризуются арабские и персидские источники авторами которых являются Гардизи, Ибн Фадлан, аль-Идриси Ибн Батутта, Фазаллах ибн Рубихан и др.

### **SUMMARY**

This article discusses historiographical sources for the history of ancient and

medieval nomads in Kazakhstan published in the state program "Cultural Heritage". Agriculture ancient Turks demonstrated on the basis of works by Chinese authors Xuan Zang, Hanna Du Jia Danna. Along with the above Describe the Arabic and Persian sources whose authors are Gardizi, Ibn Fadlan, Ibn al-Idrisi Batutta, Fazallah ibn Ruzbikhan and others.